

Дайындау бағыты 6D050700 – «Менеджмент» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін ізденуге ұсынған Адаева Назыкуль Аманбековнаның "Қазақстан Республикасындағы инклюзивтік білім беруді басқару механизмін дамыту" тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибенің және ғылым мен техниканың даму талаптарына сәйкес) байланысы

Барлық адамдардың білім алудағы теңдік мәселесі қазіргі кездің өзінде көкейкесті болып табылады. Қоғамның және мемлекеттің мүгедектерге деген көзқарасын қайта қарау, теңдігі мен бостандығын мойындап қана қоймай, денсаулық мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғам өміріне әлеуметтік, білім және кәсіби қосылу жолындағы тосқауылдар мен шекараларды жоюмен байланысты болып келеді. Арнайы мектептердің артықшылықтары көп болғанымен, оның негізгі кемшілігі – өзінің тәрбиеленушілерін тар шеңберге тұйықтайды, барлығы баланың ақауына икемдестірілген тұйық әлемді қалыптастырады, сөйтіп баланы шынайы өмірге ендірмейді. Осы орайда білімнің міндеті - баланы өмірге араластыру және баланың бойындағы кемшілігінің орнын қандай-да бір басқа жолмен толтыру. Бұл ретте орнын толтыру биологиялық тұрғыда емес, әлеуметтік тұрғыда жүзеге асырылуы тиіс. Инклюзивтік білімді ендірудің осынша өзектілігі мен қажеттілігінің себебі заманауи білім беру мекемелерінде ерекше білімді қажет ететін балалар санының көп болуында.

Инклюзивті білім беру аясындағы басқарудың басты міндеті психологиялық-педагогикалық ілестірудің тұрақты, үздіксіз дамитын жүйесін қалыптастыруға, сонымен қоса осы жүйенің тиімді жұмысына қол жеткізуге негізделеді. Жұмыстың кез-келген сатысында тиімділіктің басты көрсеткіші тәрбиеленушілердің жағымды эмоциялық көңіл-күйін сақтау, олардың дамуындағы оң динамикаларды және оқудағы жетістіктерін бақылау болып табылады. Оқушылардың өзара әріптестігі мен коммуникациясына жағдай жасаудың маңыздылығы зор. Бұл жағдай Қазақстан Республикасындағы инклюзивтік білім беруді басқару механизмін дамыту қажеттігін туындатады.

Жоғарыда аталып өткен мәліметтер және Қазақстандағы инклюзивтік білім беруді басқару механизмін дамыту мәселелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы Н.А.Адаеваның зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздейді. Сондықтан диссертациялық жұмыс уақтылы да, өзекті және мәселелер шеңберін дер кезінде шешуді қажет ететін жұмыстардың бірі болып табылады.